

«Қазақстан халқына»



2023 жылғы 20 сәуірдегі №19

«Қазақстан халқына»

Қоғамдық қорының

Басқарма хаттамасына

№1 қосымша

**ШЕТЕЛДЕ ЕМДЕЛУГЕ ЖІБЕРУ БОЙЫНША ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
КӨМЕК КӨРСЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРИ**

Астана қ., 2023 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Шетелде емделуге жіберу бойынша қайырымдылық көмек көрсету ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қамқоршылық кеңестің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 22 шешіміне сәйкес әзірленді және «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының (бұдан әрі – Қор) шетелде емделу бойынша қайырымдылық көмек көрсетуін регламенттейді.

2. Шетелде емделуге қайырымдылық көмек көрсету Қамқоршылық кеңес бекіткен Қор қызметінің тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Шетелде емделуге жіберу тәсілдері мен алгоритмдерін қайта қарау Қамқоршылық кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

4. Осы Ережелерде қолданылатын ұйымдар:

1) өтінім – шетелдік медициналық ұйымға емделуге жіберу бойынша қайырымдылық көмек көрсету туралы жазбаша өтініш;

2) емдеу бағдарламасы – аурудың ағымын жоюға, тоқтатуға және (немесе) женілдетуге, сондай-ақ оның өршуінің алдын алуға бағытталған медициналық қызметтер кешені;

3) Қордың шетелге емделуге жіберу бойынша серіктесі – шетелдік бейінді медициналық ұйымды іріктеуді жүзеге асыратын және медициналық көмек көрсетуге шарт жасасуға жәрдем көрсететін және Қордың талаптарына сәйкес келетін заңды тұлға;

4) бейінді маман – денсаулық сақтау саласында сертификаты бар жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкері;

5) Жұмыс органды – «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-да ұйымдастырылған, Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емдеуге жіберу және (немесе) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шенберінде отандық медициналық ұйымдарда емдеу жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту мәселелері жөніндегі үйлестіруші орган (бұдан әрі – жұмыс органды);

6) емделуші – медициналық көмек көрсетуді талап ететін аурудың немесе жай-күйдің болуына немесе болмауына қарамастан, медициналық қызметтерді тұтынушы болып табылатын (болған) жеке тұлға;

7) республикалық денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қарауындағы денсаулық сақтау ұйымы;

8) Қор жанындағы Медицина мәселелері жөніндегі сараптама комитеті (бұдан әрі – Сараптама комитеті) – қоғамдық негізде әрекет ететін консультациялық-кеңесші орган;

9) медициналық ұйым – негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

10) шетелдік медициналық ұйым – медициналық көмек көрсетуге шарт жасалатын басқа елдің денсаулық сақтау ұйымы;

11) медициналық көмек – дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

12) Қордың құрылымдық бөлімшелері:

АКТ – атаулы көмек тобы

ЗҚ – заң қызметі

БЕЕБ – бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі

ӨМӨБ – өтінімдер мен өтініштерді қарау бөлімі.

2-тарау. Шетелде емделуге жіберуді ұйымдастыру

5. Шетелге жіберу үшін емделушілерге атаулы көмек мынадай жағдайларда көрсетіледі:

егер Жұмыс органы белгілі бір себептермен республикалық бюджет қаражаты есебінен жібере алмаса;

35 жасқа дейінгі балалар мен жастар арасында онкологиялық және онкогематологиялық жағдайлары бар шетелдік емделуге көрсеткіштердің болуы;

кейбір химиотерапия препараттарына төзімділігі мен көтере алмауы;

республикалық бағыныстағы медициналық ұйымдарда емделу кезінде емделушінің жай күйінде оң динамиканың болмауы және ықтимал оң нәтиже болжамы бар;

мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін елде қажетті технологиялардың болмауы.

6. Кор Жеке тұлғалардан, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінен, өнірдің Денсаулық сақтау басқармасынан келіп түскен өтінімдер негізінде шетелде емделуге жіберу бойынша қайырымдылық көмек көрсетеді.

3-тарау. 35 жасқа дейінгі балалар мен жастар арасында онкологиялық және онкогематологиялық жағдайлары бар жеке тұлғалардан шетелде емделу бойынша қайырымдылық көмек көрсетуге өтінімдер қабылдау

7. Жеке тұлғаларды шетелде емдеуге атаулы көмек көрсету жөніндегі өтінімдер Қордың сайтында <https://atamekenim.kz/ru/login-user> Денсаулық сақтау бөлімінде тіркеледі.

8. Сайтта өтінім берген кезде жеке тұлға дербес деректерді пайдалануға келісімін растайды.

9. Жеке тұлғалардың өтінімін қабылдауды мынадай құжаттар пакеті болған кезде ӨМӨБ жүзеге асырады:

1) жеке куәліктің, туу туралы куәліктің көшірмесі (қажет болған жағдайда);

2) республикалық бейінді медициналық ұйымның («Педиатрия және балалар хирургиясы гылыми орталығы» АҚ; «University Medical Center» корпоративтік қоры Ана мен бала ұлттық гылыми орталығы; «Қазақ онкология және радиология гылыми-зерттеу институты» АҚ; «Ұлттық нейрохирургия

орталығы» АҚ; «Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық» АҚ) шетелдік емдеуге жіберуге және ұсынылатын емдеуге көрсеткіштердің болуын көрсететін қорытындысы;

3) ескіру мерзімі 60 (алпыс) жұмыс күнінен аспайтын диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүргізілген зерттеулердің (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) және консультациялардың нәтижелерін қамтитын республикалық медициналық ұйым берген емделушінің сырқатнамасынан үзінді (стационарлық/амбулаториялық);

4) шетелдік медициналық ұйымның деректемелері, ұсынылатын ембағдарламасы және құны (жеке шыққан жағдайда).

10. Жеке тұлға құжаттардың толық емес пакетін, қолданылу мерзімі өткен құжаттарды өткізген, медициналық құжаттамадағы деректер сәйкес келмеген, республикалық бейінді медициналық ұйымның қорытындысында көмек көрсету түрінің болмаған жағдайларында, өтінімді себебін және ұсынымдарды көрсете отырып ӨмӨБ қабылдамайды.

11. Құжаттардың толық пакеті болған кезде өтінім АКТ қарауына жіберіледі.

12. АКТ шетелдік медициналық ұйымды іріктеу үшін жеке тұлғаның медициналық құжаттамасын Қордың серіктестеріне жібереді.

13. Осы Ережелерге 1-қосымша бойынша өлшемшарттарға сәйкес келетін ұйымдар Қордың серіктестері бола алады.

14. Шетелдік медициналық ұйымды іріктеуді Қордың серіктестері осы Ережелерге 2-қосымша бойынша өлшемшарттарға сәйкес жүзеге асырады.

15. Шетелдік медициналық ұйымды сапалы іріктеу және оның белгіленген өлшемдерге сәйкестігі үшін жауапкершілік Қордың серіктестеріне жүктеледі.

16. Қордың серіктесі шетелдік медициналық ұйымдарды іріктеуді жүзеге асырады, көрсетілетін қызметтер тізбесін және оларды көрсету мерзіміне олардың құнын (баға ұсынысын) көрсете отырып, шетелдік медициналық ұйымдардан емделушіні емдеу бағдарламасын сұратады және Қордың қарастыруына ұсынады.

17. Шетелдік медициналық ұйымды іріктегеннен кейін АКТ осы Ережелердің 5-бөліміне сәйкес жеке тұлғаның өтінімін қарауды дайындайды.

18. Өтінім бойынша көмек көрсету үшін шетелдік медициналық ұйым болмаған жағдайда, АКТ өтініш берушіге қайырымдылық көмек көрсетудің мүмкін еместігі туралы жазбаша хабарлайды.

4-тaraу. Жұмыс органынан, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінен, өңірлердің Денсаулық сақтау басқармаларынан шетелде емделу бойынша қайырымдылық көмек көрсетуге өтінімдер қабылдау

19. Комиссияның Жұмыс органының, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, өңірлердің Денсаулық сақтау

басқармаларының шетелге емделуге атаулы көмек көрсете жөніндегі өтінімдері Қордың электрондық құжат айналымы жүйесінде тіркеледі.

20. Жұмыс органдарының, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, өңірлердің Денсаулық сақтау басқармаларының өтінімін қабылдауды АКТ мынадай құжаттар пакеті болған кезде жүзеге асырады:

1) Кор арқылы емделушіге қайырымдылық көмек көрсете туралы хат;

2) ескіру мерзімі 60 (алпыс) жұмыс күнінен аспайтын диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүргізілген зерттеулердің (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) және консультациялардың нәтижелерін қамтитын республикалық медициналық ұйым берген емделушінің сырқатнамасынан үзінді (стационарлық/амбулаториялық);

3) емделушіні шетелге емдеуге жіберу туралы бірінші басшы қол қойған және елтаңбалы мөрмен расталған республикалық денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы;

4) отандық және (немесе) шетелдік медициналық ұйымдардың (бар болса) кемінде 3 (үш) жетекші бейінді мамандарының қатысуымен консилиум шешімі;

5) ТМККК шеңберінде көмек көрсете мүмкін еместігі туралы комиссияның Жұмыс органдарының хаттамасынан үзінді көшірме және шетелде одан әрі емдеу ұсынымы (бар болса);

6) шетелдік медициналық ұйымның ұсынымы (емдеу бағдарламасын, құнын, емдеудің болжамды мерзімін, көлік және басқа да шығыстардың құнын (қажет болған жағдайда) қамтитын);

7) шетелдік медициналық ұйыммен жасалатын шарттың жобасы.

21. Жұмыс органдары, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, өңірлердің Денсаулық сақтау басқармалары құжаттардың толық емес пакетін, қолданылу мерзімі өткізген, медициналық құжаттамадағы деректер сәйкес келмеген, республикалық бейінді медициналық ұйымның қорытындысында көмек көрсете түрінің болмаған жағдайларында, АКТ себебін және ұсынымдарын көрсете отырып өтінімді түзетуге қайтарады.

5-тaraу. Қайырымдылық көмек көрсетуге өтінімдерді қарау

22. АКТ 30 күнтізбелік күн ішінде Сараптама комитетінің отырысында қарастыру үшін емделушілердің тізімін және материалдарды қалыптастырады.

23. Сараптама комитетінің отырыстары келіп түскен өтінімдердің саны мен емделушілердің жай-күйін ескере отырып қажеттілік бойынша өткізіледі.

24. Сараптама комитетінің отырысына мынадай құжаттар ұсынылады:

1) жеке тұлғаның өтінімі бойынша:

жеке куәліктің көшірмесі, туу туралы куәлік (қажет болған жағдайда);

республикалық бейінді медициналық ұйымның шетелдік емдеуге жіберуге және ұсынылатын емдеуге көрсеткіштердің болуын көрсететін қорытындысы;;

диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүргізілген зерттеулердің (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) және

консультациялардың нәтижелерін қамтитын республикалық медициналық ұйым берген емделушінің сырқатнамасынан үзінді (стационарлық/амбулаториялық);

шетелдік медициналық ұйымдардың тізбесі, бағдарламасы және оларда емделу құны.

2) Жұмыс органының, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, өнірлердің Денсаулық сақтау басқармаларының өтінімі бойынша:

Кор арқылы науқасқа қайырымдылық көмек көрсету туралы хат;

диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүргізілген зерттеулердің (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) және консультациялардың нәтижелерін қамтитын республикалық медициналық ұйым берген емделушінің сырқатнамасынан үзінді (стационарлық/амбулаториялық);

емделушіні шетелге емдеуге жіберу туралы бірінші басшының қолы қойылған және елтаңбалы мөрмен расталған республикалық денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы;

отандық және (немесе) шетелдік медициналық ұйымдардың (бар болса) кемінде 3 (үш) жетекші бейінді мамандарының қатысуымен консилиум шешімі.

26. Өтінімді қарау үшін АКТ:

1) шетелдік медициналық ұйым ұсынған емделушілерді емдеу бағдарламасын әзірлеу және келісу үшін республикалық денсаулық сақтау ұйымының бейінді мамандарын тартуға;

2) қажет болған жағдайда Кордың Сараптама комитеті мен Басқармасының отырысында қарастыру үшін емделушілер бойынша қосымша ақпарат сұратуға;

3) шетелдік медициналық ұйымдар, емделушіні емдеу бағдарламасы бойынша қызметтер тізбесін және оны көрсету мерзіміне олардың құнын (баға ұсынысын) көрсете отырып Кор серіктестерінің ұсыныстарын қарауға құқылы.

27. Сараптама комитетінің мүшелері қосымша медициналық құжаттаманы сұратады.

28. АКТ Сараптама комитетінің мүшелерін қайырымдылық көмек көрсетуге өтінімдердің бар екендігі туралы хабардар етеді, Сараптама комитетінің отырысын өткізу уақыты мен күнін келіседі.

29. Өтінімді қарау кезінде Сараптама комитетінің отырысына міндетті түрде бейінді мамандықтардың сарапшылары шақырылады.

30. Сараптама комитеті медициналық мақсаттылықты ескере отырып мыналарды ұсына алады:

1) емделушіні емдеу бағдарламасын қоса алғанда, оның ішінде кезең-кезеңмен емдеуге (қажет болған жағдайда) шетелдік медициналық ұйымға емделуге жіберу;

2) шетелдік медициналық ұйымға емделуге жіберуден бас тарту;

3) өтінімді қарау мерзімдерін қажетті материалдар ұсынылғанға дейін ұзарту.

31. Сараптама комитетінің шешімі хаттамамен ресімделеді, ұсынымдық сипатта болады және Кор Басқармасының қарауына ұсынылады.

32. Сараптама комитетінің шешімі комиссия мүшелерінің пікірлерін ескере отырып, әрбір жағдайда жеке қабылданады және отырыс хаттамасында көрсетіледі.

33. АКТ Сараптама комитетінің хаттамалық шешімі негізінде емделушіні шетелге емделуге жіберу туралы ұсыныммен Қор Басқармасының қарауына өтінім жібереді.

34. Қордың Басқармасына келесі құжаттар ұсынылады:

осы Ережелерге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түсіндірме жазба;
Басқарма шешімінің жобасы;

Сараптама комитетінің хаттамасы (бар болса).

35. Қор Басқармасы келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) емдеу бағдарламасын, оның ішінде кезең-кезеңімен емдеуді (қажет болған жағдайда), шарт сомасын, емделушіге және онымен бірге жүретін адамға авиа/теміржол билеттерін сатып алуға рұқсатнама, визалық шығыстарды төлеуді қоса алғанда, емделушіні шетелдік медициналық үйымға емдеуге жіберу (қажет болған жағдайда);

2) шетелдік медициналық үйымға емделуге жіберуден бас тарту;

3) өтінімді қарau мерзімдерін ұзарту;

4) бұрын қабылданған шешімнің күшін жою.

36. Қор Басқармасының шешімі Сараптама комитетінің ұсынымдарын ескере отырып, әрбір жағдайда жеке қабылданады.

37. Жұмыс органдарының өтінімдері Сараптама комитетінің ұсынымдарынсыз Қор Басқармасының қарауына шығарылуы мүмкін:

1) емделуші Жұмыс органдарының жіберуесі бойынша шетелдік медициналық үйымда болған кезде және емделуші емделуде болған кезеңде қосымша келісім жасасумен және шарттың жалпы сомасын ұлғайта отырып, емдеу бағдарламасы өзгерген кезде емделушіні емдеуді жалғастыру қажет болған жағдайда;

2) бір ауру бойынша көрсетілімдер болған кезде емделушіні шетелдік медициналық үйымға емдеуге қайта жіберу қажет болған кезде;

3) емделуші бюджет қаражаты есебінен жіберу үшін Жұмыс органдарының құжаттарды уақтылы ресімдеу мүмкіндігінің болмауына байланысты, емделушіде шетелдік медициналық үйымда емделу қажеттілігі туралы республикалық үйимның қорытындысы болған кезде емделушінің шетелге өз бетінше шығуы жағдайында.

6-тарау. Медициналық көмек көрсетуге шарт жасасу және оны орындау

38. АКТ шетелге емделуге жіберу бойынша қайырымдылық көмек көрсету туралы Басқарманың шешімін 3 жұмыс күні ішінде өтініш берушілердің назарына жеткізеді.

39. Басқарма шетелдік медициналық үйымда емделуге өтінімді мақұлдаған кезде емделуші немесе оның занды өкілі осы Ережелерге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелге жіберу ережелерімен келісімге қояды.

40. Шетелдік медициналық ұйымда емдеуді ұйымдастыруды Қордың серіктесі жүзеге асырады, оның ішінде шарт жобасын әзірлеу және шетелдік медициналық ұйыммен келісу, қажет болған жағдайда авиа/теміржол билеттерін брондау және (немесе) сатып алу.

41. Қордың серіктестері бағдарлама өзгерген және емдеу құны өзгерген кезде Қорды хабардар етеді, қосымша шарт жасасуға жәрдем көрсетеді, емделушіні емделу аяқталғаннан кейін жазылған эпикризді ұсынады, шетелдік медициналық ұйымда емделушіні емдеуді ұйымдастыру және жүргізу бойынша орындалған жұмыстардың актісіне қол қояды.

42. АКТ ЗК-мен бірлесіп емделушіге медициналық қызметтер көрсету жөніндегі шарттың жобасын қаржыландыру бөлігінде БЕЕБ-мен келісуді жүзеге асырады.

43. Қордың құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимыл олардың құзыреті шенберінде жүзеге асырылады.

44. Қор емделушіні шетелде емдеуді жалғастыру қажеттілігі, емдеу бағдарламасын өзгерту және көрсетілетін қызметтердің құны туралы ақпарат алған кезде Қор ұсынылатын емдеу бағдарламасын Республикалық денсаулық сақтау ұйымының бейінді мамандарымен немесе Жұмыс органымен келіседі.

45. Емдеу бағдарламасы өзгерген кезде медициналық қызмет көрсету шартына қосымша келісім жасалады.

46. Шетелдік медициналық ұйымда болу кезеңінде асқынулар туындаған және емдеу мерзімі жоспарланғаннан 2 айдан астам ұлғайған жағдайларда одан әрі көмек көрсету Қор Басқармасының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

47. Қор қаражаты есебінен емделуге одан әрі көмек көрсету мүмкін болмаған кезде емделушілер мен олардың занды өкілдеріне Басқарма шешім қабылдаған күннен бастап 3 күн ішінде қайырымдылық көмек көрсетуді тоқтату туралы хабарланады.

48. Шартты сақтау мүмкін болмаған кезде медициналық көмек көрсету шартын бұзу тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады.

49. Қаражатты қайтару орындалған жұмыстарды салыстыру актісі негізінде жүзеге асырылады.

ШАРТЫ
БАҒДАРЛАМАСЫНДАКИ ҚОЗЫРЬ
ОДАНДАРДЫҢ КЕЛІСІМІНДЕ
ЖАСАСУҒА ҚАЙТАРУ
ОНЫҢ САЛЫСТЫРУ
АКТІСІНДЕ
ОДАНАН
АСЫРЫЛАДЫ

Шетелде емделуге жіберу бойынша
қайырымдылық көмек көрсету
ережелеріне 1-қосымша

Қор үшін шетелде емделушілерді емдеуді ұйымдастыру бойынша қазақстандық коммерциялық серіктесті таңдау өлшемшарттары

1. Құқықтық қабілеттілік:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген занды тұлға болып табылу;
- 2) қазақстандық коммерциялық серіктес (занды тұлға) Мұдделер қақтығысын басқару саясатына сәйкес Қорға қатысты үлестес занды тұлға болып табылмайды;
- 3) қазақстандық коммерциялық серіктес (занды тұлға) және оның құрылтайшылары (акционерлер, бенефициарлар, тұркі бенефициарларды қоса алғанда) қандай да бір санкциялық тізімдердің, кірістерді жылыштатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың және т.б. фигуранттары, сондай-ақ саяси маңызы бар адамдар болып табылмайды.

2. Шетелде емделушілерді емдеуді ұйымдастыру бойынша кәсіби жұмыс тәжірибесінің болуы, шетелде емдеуді кәсіби медициналық сүйемелдеуді ұйымдастыру, емделушіні тасымалдау мүмкіндігі:

- 1) Қазақстан Республикасында медициналық қызметті жүргізуге арналған лицензия;
- 2) қазақстандық және/немесе шетелдік сақтандыру ұйымдарының шетелде емделуін ұйымдастырумен сырқаттанған жағдайда сақтандыру шарттарына қызмет көрсету бойынша жұмыс тәжірибесі – кемінде 3 жыл (ерікті медициналық сақтандыру шарты (ЕМС), саяхатшыларды сақтандыру шарты) немесе медициналық туризм (шетелде емдеуді ұйымдастыру) шарттары бойынша ұқсас жұмыс тәжірибесі;
- 3) емделушілерді емдеуді ұйымдастыру үшін шетелдегі медициналық ұйымдарға, атап айтқанда емделушілерді емдеу бейіні бойынша жетекші әлемдік клиникалық орталықтарға қол жеткізу желісінің болуы;

- 4) шетелде емделуді медициналық сүйемелдеу үшін, сондай-ақ емделушілерді медициналық тасымалдауды ұйымдастыру үшін ресурстардың болуы (шетелдік медициналық ұйым үшін емделушінің анамнезін ағылшын тілінде дайындау, медициналық құжаттаманы аудару және қашықтықтан медициналық сүйемелдеу, емделушіні тасымалдау кезінде жеке медициналық сүйемелдеуді ұйымдастыру, әуе жолдарымен арнайы медициналық тасымалдауды ұйымдастыру (әуе жедел жәрдем қызметіне, азаматтық әуе жолдарының медициналық блогына қолданыстағы шарттар)).

3. Сенімді қаржылық жағдай, Қормен бірлесіп қаржыландыруды жүзеге асыруға дайын болу және мүмкіндігінің болуы:

- 5) серіктес сенімді салық төлеуші болып табылады және респубикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегі жоқ;

6) емделушілерді емдеуді үйымдастыруға байланысты шығыстарды (яғни емделушілерді емдеуге арналған шығындармен тікелей байланысты емес), сондай-ақ емделушілер мен ілесіп жүретін адамдарды тасымалдауға және тұруға арналған тікелей шығыстар болып табылмайтын шығыстарды (консьерж-қызметтер, аудармашылар қызметтері және т.б.) қаржыландыруға дайын болуы.

Шетелде емделуге жіберу бойынша
қайырымдылық көмек көрсету
ережелеріне 2-қосымша

Қор үшін шетелдегі емделушілерге медициналық көмек көрсету жөніндегі серіктестің шетелдік медициналық үйымдарына өлшемшарттар

Шетелдік медициналық үйым келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1. Құқықтық қабілеттілік:

- 1) өз елінің заңнамасына сәйкес тіркелген занды тұлға болып табылу;
- 2) Мұдделер қақтығысын басқару саясатына сәйкес Қорға қатысты үлестес занды тұлға болып табылмауы;
- 3) құрылтайшылар (акционерлер, бенефициарлар, түпкі бенефициарларды қоса алғанда) қандай да бір санкциялық тізімдердің, кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың және т.б. фигуранттары, сондай-ақ саяси маңызы бар адамдар болып табылмауға тиіс.

4) медициналық көмек көрсету құқығына рұқсат беру құжаттарының болуы.

2. Жұмыс тәжірибесі:

- 1) 15 жылдан астам еңбек өтілі бар үздік мамандардың болуы;
- 2) осы технология бойынша шетелдік медициналық үйымның жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл;
- 3) шетелдік медициналық үйымның рейтингі;
- 4) баға саясатын ескере отырып, медициналық қызметтер көрсетудің сапасы мен тиімділігі;
- 5) шетелдік медициналық үйымда «Joint Commission International (JCI)» алтын белгісінің және т.б. болуы құпталады.

Шетелде емделуге жіберу бойынша
қайырымдылық көмек көрсету
ережелеріне 3-қосымша
нысан

**«Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры
Басқармасының отырысына
түсіндірме жазба**

Емделушінің аты-жөні _____

Тұған күні _____

Тұрғылықты мекенжайы _____

Байланыс телефоны _____

Диагноз: _____

Кім жіберді:

Жеке өтініш (өтінімнің ID нөмірі мен күні): _____

Комиссияның Жұмыс органы (хаттың шығыс нөмірі, күні)

Өтініштің мәні:

Медицина мәселелері жөніндегі сараптама комитетінің шешімі бар болған жағдайда (хаттаманың нөмірі, өткізілген күні, ұсынымдары):

Ұсынылатын шетелдік ұйым (атауы, ел):

Емдеу құны:

Емдеу мерзімі:

Қосымша шығыстар (бар болған кезде):

Кор Басқармасының қарауына шығарылады.

Қайырымдылық көмек
көрсету ережелеріне 4-
қосымша
нысан

кімнен _____
жеке күелік №_____
ЖСН _____
тұрғылықты мекенжайы _____
тел.: _____

Емделушінің Шетелге жіберу ережелерімен Келісімі

Мен, емделуші/занды өкіл (астын) сыйзу)

(емделушінің/занды өкілдің аты, тегі, әкесінің аты)
осымен

(шетелдің медициналық үйым атауы)

(мемлекет, қала, шетелдің медициналық үйымның мекенжайы)

«___» ____ 20 ____ ж. бастап емделу аяқталғанға дейінгі мерізмде шетелдік медициналық үйымына емделуге барумен байланысты барлық тәуекелдерді түсінетінімді және өзіме қабылдайтынымды мәлімдеймін.

Осымен Қор мамандары реестер, мені (менің баламды) емдеуге жіберетін шетелдік медициналық үйымның координаттары туралы ақпаратты маған жеткізгенін, сондай-ақ бағдарлама, емдеу түрлері мен шарттары туралы хабардар еkenімді растаймын.

Шетелдік медициналық үйымның Ішкі тәртіп ережелерін (режимін) сақтау қажеттігі туралы хабардармын.

Елге (_____) ұшудан бас тартқан жағдайда, Қорды электрондық байланыс арқылы хабардар етемін (электрондық мекенжайға: project@qazaqstanhalqyna.kz жаза отырып және қонырау шалу арқылы: 8 (7172) 62-14-10).

Қорға еki жаққа жол журу бойынша растайтын құжаттардың түпнұсқаларын (отырғызу талоны) ұсынамын.

Қордың талабы бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасына келгеннен кейін шетелдік медициналық үйымда кешенді медициналық ем алудың барысы мен нәтижелері туралы медициналық құжаттар мен ақпаратты (үзінді) кез келген белгілі тәсілмен және/немесе электрондық мекенжайға ұсынамын: project@qazaqstanhalqyna.kz

Мен ақпараттандырылған келісімнің мәтінін оқыдым, осы құжаттың мәні мен мақсатын түсіндім. Бұл ақпараттандырылған ерікті келісім медициналық көмек алудың барлық кезеңіне жасалған сәттен бастап жарамды.

Мен аталған шетелдік медициналық ұйымда маған (балама) медициналық араласуға келісемін.

Мен осы құжаттың барлық тармақтарымен таныстым және келісемін, оның ережелері маған түсіндірілді, мен түсіндім және ұсынылған көлемде тексерілуге және емделуге өз еркіммен келісемін.

«___» ____ 20 ____ ж. _____ /қолы/